

## БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

## Мектепке дейінгі балаларға жолда жүру ережесімен таныстыру

ЖАРИЯЛАНДЫ  
04.12.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/86403/>

### №4 Самал бөбекжай-бақшасы МКҚК

#### Жаңаөзен қаласы

#### Айтешева Орынхан Удесиновна

#### Баяндама

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі балаларға жолда жүру ережесімен таныстыру»

**Мақсаты:** Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызы екенін түсіндіру. Есте сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Бағдаршам жол ережелеріне байланысты суреттер. Түрлі — түсті қарындаш, ақ бет т. б.

#### Ұйымдастыру кезеңі :

Армысың — Алтын Күн,

Армысың — Көк аспан

Армысың — Жан досым

Жылуыма жылу қос.

Міне менің қолым бос,

Жарқырасың күніміз.

Тәрбиеші : Балаларға сұрақ қояды

— Қазір жылдың қай мезгілі?

— Қазір жылдың күз мезілі

— Күз айларын кім айтады?

— Қыркүйек, қазан, қараша

Тәрбиеші: Балаларға жұмбақ жасырады

Үш көзі бар қаз-қатар

Кезек-кезек ашады

Үшеуінен байқасам

Үш түрлі нұр шашады. Ол не?

— Ол бағдаршам

— дұрыс

Осы кезде бағдаршамды тақтаға ілеміз

— Балалар бұл бағдаршам. Оны біз қай жерден көріп жүрміз?

— Көліктер өтетін жолдан көреміз.

— Оның қызметі қандай?

— Жол тәртібін реттеуші

— Қай жолмен жүреміз?

— Жиек ақ жолмен

— Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?

— Аялдамадан отырамыз

— Ендеше балалар тақпақтар айтайық:

1 — бала:

Ашса кезек үш көзін,

Айтты деп ұқ үш сөзін.

Тоқта сақтан жол ашық,

Жүрме жолға таласып

Қызыл көзін ашқанда

Сынық сүйем баспа алға.

2- бала:

Қызыл жанды тоқтағын,

Көрдiң жұрттың тосқанын.

Сары жанды дайындал

Айналаңа қарап ал

Жасыл жанды тыңдағын,

Жолың ашық тұрмағын.

3 — бала:

Мен көшеде өтерде,

Бағдаршамға қараймын.

Қоймаған ғой бекерге,

Жәрдемшісі ол талайдың.

— Ия, Балалар бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі. Жаяу жүрушілерді жол апатынан сақтайды. Жолдан өтерде өте мұқият болу керек. Жолдан өтуге болмайды. Бағдаршамның үш көзі — үш түрлі. Бағдаршам бар қиылыс жолдарда адамдар өтетін ақ жолақтар болады. Бағдаршамның қызыл көзі жанса көліктер тоқтайды, ал адамдар жаяу жүрушілер ақ жолақтармен өтеді. Ал ортадағы сары көзі жанса көліктер дайындалады. Ал жасыл көзі жанса, жол ашылады көліктер жүреді. Біздің өмірімізді сақтайтын осы бағдаршам. Олай болса көшеден өткенде арнайы ақ жолақтардан өту керек. Көшелерде жолдарда доп ойнауға, шаңамен сырғанап ойнауға болмайды.

«Кім данышпан?» ойынын ойнайық

Балалар қане сұрақ- жауаптар қояйық:

— Бағдаршамның неше көзі бар?

— Қандай түсті ?

— Адамдар қай жолмен жүру керек?

— Біздің қаламызда бағдаршам бар ма?

Сергіту сәті:

Қызыл көзін жағады ( қозғалмай тұру)

Сары көзін жағады (қол шапалақтау)

Жасыл көзін жағады (бір орында тұрып жүру)

— Өте жақсы балалар сендер данышпансыңдар, жолда жүру ережесімен таныстыңдар.

**ҚМ АА** Қуәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.